



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

16.09.2025 ж.

№ 139

**Жастар ұйымы мен білім алушылардың
өзін-өзі басқару ұйымын құру туралы:**

Мектептің ішкі тәртібін ұйымдастыру және білім алушылардың өзін-өзі басқару жұмысын жүргізу мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жастар ұйымы және өзін-өзі басқару кеңесі төмендегі құрамда құрылсын:

1) «Мектеп Парламенті» Президенті – Қалыбекқызы Аяулым

Парламент құрылымына сай төмендегідей фракция көшбасшылары анықталды:

2) «Білім» фракциясының көшбасшысы – Құрмашқызы Асылай

3) «Құқық және тәртіп» фракциясының көшбасшысы – Жұмабай Айнара

4) «Ақпарат және баспа» фракциясының көшбасшысы – Ершат Жаннұр

5) «Спорт және салауатты өмір салты» фракциясының көшбасшысы – Тұрар

Аман

6) «Қамқорлық» фракциясының көшбасшысы – Тюмалиева Нұрай

7) «Мәдениет және өнер» фракциясының көшбасшысы – Жарқынұлы Айқын

8) «Дебат қозғалысы» фракциясының көшбасшысы – Жамбыл Гулназ

9) «Экология және еңбек» фракциясының көшбасшысы – Аманбай Диас

2. Өзін-өзі басқару комитетінің мүшелері және комитетінің жылдық жоспары жасақталып, бекітілсін.

3. Кеңес жұмысының орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Жамбыроваға жүктелсін.

Мектеп директоры



А.Султанова

Мектеп парламентінің тьюторлары


Президент Қалыбекқызы Аяулым	Тьюторлық қызметтің басшысы Жамбырова Арайлым
ҚР БҒМ Балалар өкілділігі	Баланың құқықтары жөніндегі мектеп уәкілі Әнтепова А.С.
Құқық және тәртіп комитеті	Құқық және тарих пәнінің мұғалімі Ережепова А.Т.
Білім комитеті	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сейтова М.Т.
Ақпарат және баспа комитеті	Мектеп тәлімгері Муратова Аружан
Спорт және СӨС комитеті	Дене шынықтыру пәнінің инструкторы Егізбаев Досхан Мектеп медбикесі Ғалымжанова Самал
Экология және еңбек комитеті	Биология пәнінің мұғалімі Нурумова Бибинур
Мәдениет және өнер комитеті	Қосымша білім беру педагогы Кәрімұлы Райымбек
Дебаттық қозғалыс комитеті	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ахашев Руслан
Қамқорлық (еріксіздік) комитеті	Әлеуметтік педагог Қалиева Замзам

Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында Ә.Жангелдин атындағы жалпы орта мектебінде «Мектеп Парламентінің» Президенті мен фракция көшбасшылары сайланды.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматтарды тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері:

- Білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;
- Ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;
- Әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;
- Өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Мектеп Парламентінің Президенті оқушылар мен мұғалімдердің үміткерлерді жақтап дауыс беруінің  нәтижесінде анықталды.

«Мектеп Парламентінің» Президенті-**Қалыбекқызы Аяулым**

Парламент құрылымына сай фракция көшбасшылары анықталды.


1. Білім фракциясы- **Құрмашқызы Асылай**
2. Экология және еңбек фракциясы- **Аманбай Диас**
3. Қамқорлық (Еріктілік) фракциясы- **Жамакеш Айкөркем**
4. Құқық және тәртіп фракциясы- **Жұмабай Айнара**
5. Ақпарат және баспа фракциясы- **Ершат Жаннұр**
6. Спорт және СӨС фракциясы- **Мұрат Ильнара**
7. Дебаттық қозғалыс фракциясы- **Хаби Жанерке**
8. Мәдениет және өнер фракциясы- **Жарқынұлы Айқын**

Оқушылар мен педагогтер бірлесіп, ынтымақтасып жұмыс жасау үшін тьюторлық қызметтің басшылары тағайындалды.

*Мектеп Парламенті Президенттігіне
үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары*

Хабарландыру

Мектеп президенті

Мектеп парламентінің
президенттік сайлауы өтетінін
хабарлаймыз 



 **Өтетін күні: 30.09.2025ж**

 **Уақыты: 10:00**

 **Орны: Мектеп акт залы**

**Мектеп Президентін сайлаудағы дауыс беру нәтижелері туралы
Мектептің сайлау комиссиясының
Хаттамасы**

Дауыстарды санау нәтижесінде Мектептің сайлау комиссиясы

АНЫҚТАДЫ:

- 1/ Учаскедегі сайлаушылардың жалпы саны: 197
- 2/ Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың жалпы саны: 110
- Олардың ішінде дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс дауыс берген сайлаушылар саны: -
- 3/ Жойылған бюллетендер саны: 35
- 4/ Жарамсыз деп танылған сайлау бюллетендерінің саны: 2
- 5/ Мектеп Президенттігіне кандидаттар үшін берілген дауыстар:

№	Сыныбы	Мектеп Президенттігіне үміткерлердің тегі, аты	Мектеп Президенттігіне үміткерлер үшін берілген дауыстар саны / %	Мектеп Президенттігіне үміткерлер үшін берілетін лауазым
1.	9 «Ә»	Ершат Жаннұр	27	Ақпарат және баспа фракциясы
2.	10 «Ә»	Кабдулов Алишер	34	Премьер министр
3.	10 «А»	Қалыбекқызы Аяулым	49	Президент

Мектеп Президенттігіне үміткерлер үшін берілетін лауазым түрлері:

1. Президент-Қалыбекқызы Аяулым
2. Білім фракциясы-Құрмашқызы Асылай
3. Экология және еңбек фракциясы- Аманбай Диас
4. Қамқорлық (Еріктілік) фракциясы- Жамакеш Айкөркем
5. Құқық және тәртіп фракциясы- Жұмабай Айнара
6. Ақпарат және баспа фракциясы-Ершат Жаннұр
7. Спорт және СӨС фракциясы-Мұрат Ильнара
8. Дебаттық қозғалыс фракциясы-Хаби Жанерке
9. Мәдениет және өнер фракциясы-Жаркынұлы Айқын

Мектептегі сайлау комиссиясының төрайымы:  Жамбырова А.Д.

Комиссия хатшысы:  Муратова А.М.

Сайлау комиссиясының мүшелері:  1. Исим М.

 2. Мертаев Д.

Ә.Жангелдин орта мектебі КММ
Мектеп сайлау комиссиясының
2025 жылғы
ШЕШІМІ

Мектеп Президенті сайлауының қорытындылары туралы


2025 жылғы 30 қыркүйектегі мектеп Президентін сайлаудағы дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманың негізінде Мектептің сайлау комиссиясы

ШЕШТІ:

1/ 2025 жылғы 30 қыркүйекте өткен мектеп Президентін сайлауы өтті және жарамды деп табылсын.

2/Ә.Жангелдин орта мектебінің КММ-нің 10 «А» - сынып оқушысы Қалыбекқызы Аяулым мектеп Президенті болып сайланған деп есептелсін.

Мектептегі сайлау комиссиясының төрайымы:  Жамбырова А.Д.

Комиссия хатшысы:  Муратова А.М.

Анықтама

Мектебімізде маңызды оқиға өтті!
Мектеп парламенті президенті мен "Жас Ұлан" ұйымының ұланбасы сайланды!

Оқушылар белсенділік танытып, өз көшбасшыларын таңдады.
Барша үміткерлерге алғыс айтып, жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз!

Жаңа лидерлерге сәттілік тілейміз!

#МектепПарламенті

#ЖасҰлан

#Сайлау2025

#Көшбасшылар

#БіздіңМектеп

Өтілген шараның сілтемесі:

<https://www.facebook.com/share/v/1GbTKCTP7a/>

МЕКТЕП ПРЕЗИДЕНТІ және

**«Жас Ұлан» ұйымының
ҰЛАНБАСЫ АНЫҚТАЛДЫ!**



Бүгінгі өткен сайлау нәтижесінде
оқушылардың дауыс беруімен

МЕКТЕП ПРЕЗИДЕНТІ

ҚАЛЫБЕКҚЫЗЫ АЯУЛЫМ

«Жас Ұлан» ұйымының ұланбасы

БОЛАТ АЗИЗА болып сайланды.

Жаңа Президентіміз бен Ұланбасымызға
сенім артамыз.

Жарқын ойларыңыз бен игі
бастамаларыңыз жүзеге асып, мектеп
өміріне жаңа серпін
әкелу жолында сәттілік тілейміз!



Қалыбекқызы Аяулым
Мектеп Парламенті
ПРЕЗИДЕНТІ

Болат Азиза
«Жас Ұлан» ұйымының
ҰЛАНБАСЫ

**«Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйым отырысының
№1 хаттамасы**

Күн тәртібінде:

1. Өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жоспарын бекіту
2. Мектеп оқушыларына Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын таныстыру

Қатысқандар: Фракция мүшелері, 8-11 сынып білім алушылары

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелермен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жамбырова А.Д. айтып өтті. 2025-2026 оқу жылы бойынша Өзін өзі басқару ұйымының жылдық жоспары бекітілді. Алдағы уақытта осы іс шара негізінде жұмыстанамыз деп ойлаймын.

Бірінші мәселе бойынша Ә.Жангелдин атындағы орта мектептің 8-11 сынып оқушыларының бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында өзін-өзі басқару органдарының жұмыс жүргізу жоспары құрылып, мектеп директоры А.А. Султановаға бекітті.

Екінші мәселе бойынша оқушыларға Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы», Қазақстан Республикасының заңдары, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы.

Парламент – оқу-тәрбие процесінің проблемаларын шешуде мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі.

Парламентте оқушылар, студенттер мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады.

Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысты нақты мүмкіндік беру;
- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;
- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;
- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидатарына негізделеді.

Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:

1. Білім фракциясы
2. Экология және еңбек фракциясы
3. Қамқорлық (Еріктілік) фракциясы
4. Құқық және тәртіп фракциясы

5. Ақпарат және баспа фракциясы

6. Спорт және СӨС фракциясы

7. Дебаттық қозғалыс фракциясы

8. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық)

Парламенттің жоғарғы органы-фракциялар көшбасшыларының жалпы жиналысы

◆ Оқушылардың бірыңғай ұжымын қалыптастыру арқылы колледждің тәрбие жүйесін қалыптастыру және оқу - тәрбие үдерісін жетілдіру

1. Жалпы ережелер 1. Өзін - өзі басқару кеңесінің мақсаттары:

◆ Оқушылардың бірыңғай ұжымын қалыптастыру арқылы колледждің тәрбие жүйесін қалыптастыру және оқу - тәрбие үдерісін жетілдіру.

◆ Басқарудың демократиялық нысандарын кеңейту және колледж оқушыларын педагогикалық ұжыммен ынтымақтастыққа тарту.

◆ Мамандарды даярлау сапасын жақсарту және пәнді нығайту.

◆ Оқушыларды ұжымдық шешім қабылдауға, іскерлік қарым - қатынасқа, ұйымдастырушылық жұмысқа дағдыландыру, олардың бастамалары мен белсенділіктерін, мәселелерді шеше білу ептіліктерін дамыту.

◆ Колледж дәстүрлерін қалыптастыру және сақтау, оның меншігіне ұқыпты қарауды тәрбиелеу. ◆ Оқушылардың өзіне - өзі қызмет көрсету, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы мәселелерді шешуге қатысуы.

2. Кеңес қызметі демократияның ізгілік, ынтымақтастық, жайдарылық, жалпы адамдық қағидасына, таңдаулылық және есеп берушілік, жаңарту мен бірізділік қағидаларына құрылады.

3. Өзін - өзі басқару Кеңесі келесі құжаттар негізінде қызмет етеді:

• Оқушылардың ішкі тәртіп ережелері;

• өзін - өзі басқаруды ұйымдастыру және оның комиссисының қызметі туралы ереже;

4. Өзін - өзі басқару кеңесінің құрамына колледж активінің жиналысында таңдалған, кеңесте жұмыс істеуге ниеті бар оқу топтарының өкілдері және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары кіреді.

Алдағы өткізілетін жұмыстармен таныстырылып өтті.

Сөйлеушілер:

Мектеп президенті Қалыбекқызы Аяулым сөз алды. Бүгінгі отырыста күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырылып өттім. Мектептегі өткізілетін іс шаралармен оқушыларды тартуды алға қойамыз. Әр фракция мүшелері өз іс шара жоспарымен жұмыстарды уақытылы ұйымдастырады деп ойлаймын.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Өзін өзі басқару ұйымының жылдық жоспары негізінде іс шаралар уақытылы ұйымдастырылсын.

2. Мектеп оқушыларына Өзін өзі басқару ұйымының жұмысы таныстырылсын

ДТІЖО:  А.Д. Жамбырова

**«Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйым отырысының
№2 хаттамасы**

Күн тәртібінде: Сыныптардағы өзін-өзі басқару ұйымын сайлау.

Қатысқандар: Фракция мүшелері, 8-11 сынып оқушылары

8-11 сынып оқушылары арасында Өзін-өзі басқару ұйымына сайлау өткізіп президентін сайлаймыз. Сайлауға оқу үлгерімі жақсы, қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын 8-11 сынып оқушылары қатыса алады. Жалпы ұйымның мақсаты білім алушылардың бойына азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, адамзаттық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Мектеп президенті – 10 «а» сынып оқушысы Қалыбекқызы Аяулым

Мақсаты: мектепте өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын алға қою. Мектеп білім сапасын көтеріп, тәртіпті жақсарту.

Премьер министр – 10 «ә» сынып оқушысы Кабдулов Алишер

1. Құқық және тәртіп фракциясы – 10 «ә» сынып оқушысы Жұмабай Айнара

МӨБ (мектептің өзін-өзі басқару) жұмысының нәтижелілігі жөнінде мағлұматтар жинау және оны талдау. Топтардың нәтижелі жұмыс жасауын ұйымдастыру.

2. Ақпарат фракциясы – 9 «ә» сынып оқушысы Ершат Жаннұр

Мақсаты: МӨБ (мектептің өзін-өзі басқару) жұмысының нәтижелілігі жөнінде мағлұматтар жинау және оны талдау.

3. Білім фракциясы – 9 «ә» сынып оқушысы Құрмашқызы Асылай

Мақсаты: Үзіліс уақытында және мектепішілік іс-шараларда оқушылар арасындағы қоғамдық тәртіпті сақтау.

4. Спорт және СӨС фракциясы - 9 «В» сынып оқушысы Мұрат Ильнара

Мақсаты: оқушылардың денсаулықтарына бақылау жасау, кеңес беру. Оқушыларды спортпен белсенді шұғылдануға баулу.

5. Экология және еңбек фракциясы - 9 «ә» сынып оқушысы Аманбай Диас

Мақсаты: оқушылардың денсаулықтарына бақылау жасау, кеңес беру. Оқушылардың спортпен белсенді шұғылдануға баулу.

6. Мәдениет және өнер фракциясы - 10 «а» сынып оқушысы Жарқынұлы Айқын

Мақсаты: бағыт бойынша түрлі мәдени шаралар өткізу (әншілер конкурсы, бишілер жарысы, спортпен шұғылдануы, оқушылар жайлы мағлұмат жинау) Мектебіміздің «Өзін-өзі басқару» ұйымының ватцап желісінде тчат ашылып белсенділер тіркелді.

7. Дебаттық қозғалыс фракциясы - 9 «а» сынып оқушысы Хаби Жанерке

Мақсаты: қоғамда орын алатын мәселелерді жариялы талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

8. Қамқорлық (еріктілік) фракциясы - 9 «в» сынып оқушысы Жамакеш Айкөркем

Қаулы: Өзін-өзі басқару органдарының сайлауы қанағаттанарлық деп танылсын.

ДТЖО: *Маш* Жамбырова А.Д.

Анықтама

”Форум– рухани тәрбиеге бағытталған маңызды басқосу”

Бүгін Атырау қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен оқушылар орталығында «Жастардың рухани иммунитеті – қоғам мен білім беру ұйымдарының ортақ жауапкершілігі» тақырыбында мазмұнды семинар өтті.

Форумның мақсаты – жасөспірімдердің рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайту, олардың дүниетанымына оң әсер ету. Қоғам мен мемлекеттің бірлескен жауапкершілігін арттыру. Мемлекеттік органдар мен білім беру ұйымдарының бірлескен іс-қимылын үйлестіру.

Форум барысында жасөспірімдер арасындағы мінез-құлық мәдениеті, құндылықтарға негізделген тәрбие, ақпараттық қауіпсіздік, діни радикализм мен жат ағымдардан қорғау мәселелері қозғалды.

Жастардың рухани тұрақтылығы – ел болашағының кепілі. Осындай тағылымды шаралар арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеуде ортақ жауапкершілікті сезіну – баршамыздың міндетіміз.

#руханииммунитет

#тәрбие #жастар2025 #оқушыларорталығы

Өтілген шараның сілтемесі:

<https://www.facebook.com/share/r/1T5hKR6h4A/>

Анықтама

Мектеп парламенті мүшелері арасында танымдық әрі қызықты куиз ойыны өткізілді. Сайыстың басты мақсаты – оқушылардың білімін тереңдетіп қана қоймай, логикалық ойлауын, тапқырлығын, шапшаңдығын шыңдау, сондай-ақ шығармашылық қабілеттерін дамыту болды. Куиз бірнеше мазмұнды кезеңдерден тұрды.

Пәнге байланысты сұрақтар – түрлі саладағы білімдерін сарапқа салды. Тұлғаны таны – тарихи және әдеби тұлғаларды танып-білу арқылы оқушылардың дүниетанымы кеңейді.

Мақалды тап – суреттен даналықты табу, халықтың асыл қазынасына үңілуге мүмкіндік берді.

Сандар сөйлейді – мерекелер мен тарихи күндерді еске түсіріп, оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытты.

Кино үзінділері – кино өнеріне қызығушылықтарын арттырып, мәдени танымдарын толықтырды.

Әр турда оқушылар ерекше белсенділік танытып, білім мен өнерді қатар ұштастыра білді. Ойын тартысты, әсерлі өтіп, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

#куизойыны

#танымдықойын

Өтілген шараның сілтемесі:

<https://www.facebook.com/share/p/16ktr1cDLU/>



Анықтама

Мектебімізде мектеп парламенті мүшелерінің ұйымдастыруымен «Зорлыққа қарсы болсаң — кел, құшақтасайық!» атты ерекше көңіл-күй сыйлаған акция өтті.

Акцияның мақсаты — бір-біріне жылы лебіз, мейірім мен қолдау көрсету арқылы зорлық-зомбылықсыз ортаны қалыптастыруға үн қосу.

Оқушылар бір-бірін құшақтап, мейірімділік пен достықтың маңызын сезінді. Жылы сөз бен жай ғана құшақ — үлкен өзгерістердің бастауы екенін ұмытпайық!

Құшақ — мейірімнің тілі, зорлыққа — жол жоқ!

#қауіпсізорта

#ЗорлықЗомбылыққажолжоқ

Өтілген шараның сілтемесі:

<https://www.facebook.com/share/r/178KcLwW3M/>

Анықтама

«Құқық және жауапкершілік» тақырыбында мектеп парламенті мүшелері 5–8 сынып оқушыларына арналған түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, өз құқықтары мен міндеттерін дұрыс түсінуіне ықпал ету, сондай-ақ жауапкершілік сезімін қалыптастыру болды.

Түсіндірме барысында оқушыларға мектеп ережелері, құқықбұзушылықтың салдары, күнделікті өмірде жиі кездесетін жағдайлар мысал ретінде келтіріліп, олардың алдын алу жолдары айтылды. Оқушылар белсенді қатысып, сұрақтарын қойып, өз ой-пікірлерін білдірді.

Өтілген шараның мақсаты:

<https://www.facebook.com/share/r/1GMbhy99BH/>

